

«Мәдени мұра» бағдарламасын оқытудың маңызды бағыттары

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес,- ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну керек. Соның ең бастылары ұлттық дүниетаным мен мәдени жәдігерлеріміздің бұрынғысын, кешегісін, бүгінгісін салыстыра қарап, өскелең ұрпаққа танытып, ұғындырып ұлттық тәрбиеге тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, оқу орындарында ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» - дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін:бірі -өзім, екіншісі-халқым» - дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

«Атаңнан бота қалғанша, бата қалсын» деген бабамыздан қалған тамаша сөз бар. Үйір-үйір жылқы, отар-отар қой, табын-табын сиырдан да том-том кітаптар мен катпар-катпар тарихтың, мәдени, рухани мұраның құндылығын бағалай білген дана халқымыздан бүгінге жеткен тарихи жәдігерлерімізде сан жоқ.

Мен сөз еткім келіп отырған тақырып осы құндылықтарды жас ұрпаққа дәріптеуге үлкен мүмкіндік беретін «Мәдени мұра» бағдарламасы. «Мәдени мұра» аясында соңғы он жыл көлемінде біздің бүкіл тарихымыздан сыр шертетін рухани құндылықтарымыз түгенделіп, тарихымыз қайта жаңғырды. [1,273 б.]

Көпшілікке мәлім, ұлтымыздың түп-тамырын, сауаттылығын, рухани байлығын дәлелдейтін жәдігерлеріміз, құнды әдеби, мәдени, жазба деректеріміз осы уақытқа дейін жинақталмай келді. Осы олқылықтың орнын толтыру жұмыстары сонау 2004 жылдан бастап қолға алынды. Осыдан 10 жылдай уақыт бұрын Елбасы Жолдауының негізінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, шартарапқа шашылған мәдени, рухани құндылықтарымызды түгендеу, жоғалғанымызды тауып, қирағанымызды қалпына келтіру тапсырмасы берілген болатын. Осы орайда ғалымдар мен археологтар, әдебиет, мәдениет саласының мамандары,

тарихшылар, зиялы қауым бірлесіп қыруар шаруа тындырды. Өз жеріміздегі және алыс-жақын шетелдердегі қазақ тарихына қатысы бар мәдени, рухани құндылықтарымыз, археологиялық және сәулет туындылары, жазба және көркем әдебиет қолжазбалары жинақталып елімізге әкелініп, том-том кітаптарға топтастырылды. Бірнеше ғасырлық тарихы бар ғимараттарға реставрация жасалды. [2]

Қазақ тарихына қатысты қытай, монғол, иран, араб, түрік мұрағаттарындағы, Еуропа мен Азияның өзге де елдерінің сан алуан қорлары мен кітапханаларындағы ондаған мың құжаттардың көшірмесі алынып, ғылыми айналымға түсті. Солардың негізінде көптеген монографиялар, оқулықтар және зерттеу еңбектер жарық көрді. Қазақстан аумағындағы 37 көне қалалар зерттеліп, 113 тарихи-мәдени ескерткіштерге жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қазақ халқының тарихында бірінші рет 100 томдық «Бабалар сөзі» деген атпен қазақ ауыз әдебиетінің жинағы жарық көрді. Ғылыми, фольклорлық экспедициялар мен зерттеулер нәтижесінде «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі», «Қазақтың 50 батырлар жыры» атты бірегей жобалар жүзеге асырылды. Мұндай бағдарлама ешқандай елде болмаған. Он жылдың ішінде мемлекет қазынасынан жылма-жыл қомақты қаржы бөлініп отырды. Осыған сәйкес атқарылған жұмыстар да қыруар. Қазақ тарихы мен мәдениетіне 500 мыңға тарта құжат әкелінді. Осы Жинақталған тарихи құндылықтарды біз мәдениетімізге қауіп-қатер төндіріп отырған, соның ішінде, біздің ата-бабамыздың дәстүрлі көшпелі мәдениетіне қауіп-қатер төндіріп отырған заманда дұрыс пайдалануымыз керек. Шындығына келгенде, қазіргі уақытта ұлттың көп бөлігі дәстүрлі мәдениеттен тыс тіршілік етіп отыр. Егер біз дамыған әлемнің қалған құтқан және қоқыстары жиналған орынға-ұлтқа айналғымыз келмесе, онда біз өзіміздің еркіндігімізді және рух еркіндігін сақтап, әлпештеп қана қоймай, дамытуымыз қажет. Ата-баба мұрасы – шаң басқан мұражай экспонаты емес. Бірақ, өмірден өткен, мән-мазмұны және тірі рухы жоқ дәстүрлі мәдениеттің формасын дәл сол күйде қайта жаңғыртуға тырыспау қажет. Дәстүрлі өркениеттің әлемінде абыройлы орынға ие болған дүниелер қарама-қайшылыққа толы қазіргі уақыт әлемінде өзінің байырғы абыройлы орнына ие болып, өмір сүруге қабілетті болуы мүмкін бе екен?! Кезінде біздің ата-бабамыздың соғыстағы ұраны мынадай болған еді: «Өлім жоқ, өмір әр уақытта бар!» Яғни, олар адам баласының денесі өлгенімен, оның жаны еш уақытта өлмейді деп сенген болатын. XX ғасырда қазақ мәдениеті ажал құрсауында бірнеше рет болған болатын, бірақ оның рухы өлген жоқ. Біздің борышымыз – оның қайта-қайта жаңғыруына мүмкіндік жасап отыру. Сондықтан да, жаһандану кеңістігінде қазақ ұлты өз мәдениетін қастерлеп, қадірлеп өзге ұлт мәдениеттермен еш қорқыныш-үрейсіз абыроймен өз бойын және негізгі принциптерін көрсетуі қажет. [3,73]

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына

карамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Тәуелсіздік жылдарында жаһандану мен вестернденуге карамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті. Қазақстан – бірегей ел. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қойып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» деген болатын [4]. Сондықтан да егеменді ел болып, өз тіліміз бен дініміздің тізгіні өз қолымызға берілгендіктен, мәдениетімізді ата-бабаның салт-дәстүрімен суарып жандандыра алсақ қана оның ұлттық тарихи бейнесі сомдалмақшы. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі дүние жүзі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрінен көп ілгері болып келді, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтап жинақтап қазіргі жас буындарға жеткізу парыз. [5,]

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашалақ түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. «Тәрбиелеу үрдісі оқушыны тәрбиелеуге емес, оқушы өзін өзі тәрбиелеуге әкелетін үрдіс болуға тиіс» - деп көрсетеді Л.С.Выготский. Оқыту процесіне соңғы кездері жаңа жобалар мен озық технолоиялар енгізіліп жатыр. Оның мәні – тұлғаны өзінің әрекеттеріне талдау жасауға, өзі үшін маңызды мәселелерді анықтай алуға және шешу жолдарын таба білуге бағыттау. Осы орайда Д.Дьюи философиясының идеясын айтар болсақ, яғни өмірлік тәжірибеге негізделген өз білімін оқушының да, оқытушының да пайдалана білуі жүзеге асырылады. Сондықтан жаңа үрдісті тәжірибеге енгізуде мұғалімдердің сыртқы форманы ғана басшылыққа алмай, оның философиясын ұғыну маңызды шарт. Өйткені оқытудағы басты мақсат – алдындағы оқушыларға таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай қолдана білуге үйрету

Қоғамдағы әрбір азамат пен әрбір таптың көкейінен шығатын ортақ «ұлттық идеяны» айқындау, дайын үлгісін ұсыну әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани факторларды біріктіретін күрделі міндеттер қатарында. Қазақ елінде ұлттық идеяның мазмұны мен көрнекілік ұғымы қарапайым да ұғынықты болуы керек. Ұлттық идеяны айқындаушы факторларға қойылар басты талап оның өміршендігінде болып қалмақ.

Қорыта айтқанда, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарихи қысқа мерзімдік уақытта Қазақстан аумағында жалпыадамзаттық тарихи-мәдени және өркениеттік үрдістің толық құқылы құрамдас бөлігі ретінде рухани сабақтастықты, замана, ұрпақтар мен Еліміздің мәдени мұрасы – мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің, тарихи ескерткіштердің маңызды қоймасы. Ұлттық мәдениетті, тағылымды тарихты дәріптеу – бүгінгінің еншісі. Еліне қатысты тарихты, өркениетті, өткенін білмей өскен адамнан ешкімнің де шықпайтыны айдан анық. Олай болса, біз артымыздан ерген өскелең ұрпаққа ұлылар легінің аманаты ретінде осынау сан ғасырдан бергі жазылып келе жатқан тағылымды тарихымызды білуді жүктеу керекпіз. Мәдени мұра бағдарламасы қазақстандық қоғам мен мемлекеттің мәдени құндылықтарды сақтап, көбейту жолындағы қамқорлық, ғаламдану жағдайына бейімделу моделінің өзіндік үлгісі болып табылады. Алайда, бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар тек бір кезеңмен бітіп, тоқталып қалмауы керек. Сонымен қатар, елімізде «Археологиялық мұра туралы» арнайы заң қабылдау қажет. Мұндай заң Молдова, Украина, Өзбекстан сияқты бұрынғы кеңестік республикалар мен Балтық елдерінде табысты жүзеге асуда. Осындай заң біздің елімізде де қабылдана болса, археологиялық мұрамызды – асыл қазынамызды болашаққа апаруға, өткендегі көптеген тарихи ақиқаттарды ашуға, сөйтіп, халқымыздың шыншыл тарихи санасын қалыптастыруға даңғыл жол ашылған болар еді. Кез келген дамыған мемлекетті алып қарайтын болсақ, сонау сан ғасырлық тарихын зерттеп, кітап қылып, ұрпақтарына мұра ретінде қалдырып отырған. Қазіргі қарыштап дамыған заманда, технологияның қарқынды етек алған уақытта дәстүрден жаңылмайтын, тарихын тағылымдайтын, елімен мақтанатын, ұлтын сүйер ұрпақтардың көп болуы шарт. Бүгінде елімізде ұлыларымызды ұлықтап, тарихымыздың тереңде жатқан тамырын зерттеуге баса назар аударылып келеді. [5,73]

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясатының астарында қайтсек дамыған елдердің қатарына қосыламыз деген ұстаным жатыр. Ал дамыған елдердің қатарын толыстыру үшін біз жан-жақты дамуға тиіспіз. Қай саланы болмасын ең үздік көрсеткішке жеткізіп, максималды дамыту керекпіз, өзіндік бренд қалыптастыру керекпіз. Қазақстан дегенде тарихы бай, дариға дархан даласымен қоса өзіндік әлем сахнасында орны бар атаулы мемлекет деп қарайтын деңгейге жетуге тиіспіз. Осы тұста өткенді білмей болашаққа айқын қадам жасай алмайтынымызды ескере отырып, елбасының бастамасымен жүзеге асып келе жатқан «Мәдени мұра». Мемлекеттік бағдарламасының орны ерекше екендігін айта өтпекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан музейлері. – 2007.- №2. – Б. 2.
2. Нысанбаев А.Н. Глобализация и проблемы межкультурного диалога в двух томах.-Алматы: Компьютерно издательский центр Института философии и политологии МОН РК, -2004.- Т. 1,- 276 с.
3. Мәдениет туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 207 Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 24, 147-құжат.
4. Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау».-Алматы, 2004.
5. Мәдени мұра: Қазақтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары // Қошқар ата конференциясының материалдары. – 2005. – 26-27 мамыр.